


Олардан бұрын әздерінен орасан мықты, мемлекеттерді кезген, нәсілді жоқ еткен едік. Құтылар жер бар ма? (36) Шұбасыз бұнда (сезімтал) жүргегі барға немесе құлақ салып, әзір болғанға бір үгіт бар. (37) Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (38) (Мұхаммед F.C.) олардың айтқандарына сабыр ет. Раббынды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтай дәріпте. (Таң намазы, бесін, екіні. Б.Ж.М.) (39) Түннің бір белімінде және намаздардан кейін Оны дәріпте. (Намаздардың артындағы нәпілдер. Б.Ж.М.) (40) Жақын жерден бір айғайшының шақыратын (Сүр үрілетін) күніне құлақ сал. (41) Олар ол күні ашы дауысты анық естиді. Ол, (қабырдан) шығатын күн. (42) Расында тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ қайтар орын Біз жақ. (43) Сол күні жер жарылып, олар тезінен шығады. Осы жинау Бізге оңай. (44) (Мұхаммед F.C.) олардың не дегендерін жақсы білеміз. Сен оларга зорлаушы емессің. Кім




азаптан қорықса, Құранмен үгіт бер. (45)

51-ЗӘРЯТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алпыс аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Соғып ұшыруши желдерге, (1) Мол жаңбыр көтеруші бұлттарға, (2) Женіл жүруші кемелерге, (3) Исті белүші періштелерге серт! (4) Шын мәнінде сендерге уәде етілген қиямет әрине рас. (5) Әлбетте қиямет болады. (6)




Жолдары бар аспанга серт! (7) Құмәнсыз сендер талас-тартыс сөздесіңдер. (8) Шындықтан бұрылған бұрылады. (9) Ой жорушылар құрысын. (10) Міне солар, білімсіздік ішінде жаңылуда. (11) Олар: "Қиямет қашан" деп сұрайды. (12) Ол, олардың отқа жағылатын күні. (13) Оларға: "Азаптарыңды татыңдар! Асығып, тілегендерің осы" (делінеді.) (14) Шәксіз тақуалар бақшаларда, бұлақтарда болады. (15) Олар, өздеріне Раббыларының бергенін

алады. Өйткені олар, бұдан бұрын жақсылық істеуші еді. (16) Олар түнде аз гана үйкітаушы еді. (17) Олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші еді. (18) Олардың малдарында; сұраганға да сұрамаганға да тиесі бар. (19) Жер жүзінде нак сенушілерге дәлелдер бар; (20) Сондай-ақ өздерінде де бар. Көриейсіңдер ме? (21) Сендердің несібелерің әрі уәде етілген нәрселер көкте. (22) Көк пен жердің Раббына серт. Шұбәсіз бұл, сендердің сейлекендерің сияқты рас. (Бір-біріңе сейлекен сөздерің қандай рас болса, сондай рас.) (23) (Мұхаммед F.C.) саған Ыбырайым (F.C.) ның ардақты қонақтарының (перштердің) әңгімесі келді ме? (24) Олар Ыбырайым (F.C.) ға кіргенде: "Сәлем" десті. Ыбырайым (F.C.) да оларға: "Сәлем, бөгде қауым" деді. (11-С. 69-А., 15-С. 50-А.) (25) Дереу үйіне барып, семіз бір бұзау әкелді. (26) Оны оларға жақыннатып: "Жемейсіңдер ме?", - деді. (27) Олардан тіксініп, қорықты. Олар: "Қорықпа!", - деді де оны білгіш бір ұлмен куантты. (28) Сонда Ыбырайым (F.C.) ның жұбайы, алдына ойбайлап келіп, өз бетін үрді да: "Баладан қалған бір кемпірмін" деді. (29) Олар: "Осылайша Раббың бұйырды. Өйткені Ол, аса дана, толық білуші" десті. (30)

(Ыбырайым F.C.): "Әй елшілер! Бүйімтайларың не?", - деді. (31) "Шынында біз қылмысты бір елге жіберілдік." (32) "Оларға балшықтан пісірілген тас жаудыру үшін!" (33) "Раббың тарапынан, шектен шыгушылар үшін белгіленген" (деді). (34) Ол жерден мұміндерді шыгардық. (35) Дегенмен ол жerde Мұсылманнан бір үйден басқа таппадық. (Лұт F.C. мен екі қызы. Ж.) (29-С. 30-А.) (36) Ол арада күйзелтуші азаптан қорқушылар үшін бір гибрат қалдырыдық. (37) Мұсада да (гибрат) бар. Оны ашық мұғжизалармен жіберген уақытта: (38) Пергауын сыйбайластарымен теріс айналып: "Жады немесе жынды" деді. (39) Сондықтан оны әрі ләшкерлерін қолға алып, оны езіне сөгіс берген түрде теңізге тастадық. (40) Гад елінде де (гибрат) бар. Сол уақытта оларға зиянды қатты дауыл жібердік; (41) Ол, тиген нәрсесін мұлде шіріген сүйектей етіп тастайды. (42) Сәмүд елінде де (гибрат) бар. Сол уақытта оларға: "Бір мерзімге дейін пайдалана тұрындар" делінді. (43) Сонда олар, Раббыларының әміріне қарсы келді. Сондықтан олар, қарап тұрганда наражай тұсті. (44) Сонда олардың тұруға да шамалары келмеді әрі жәрдем де көрмедин. (45) Бұрын Нұх (F.C.) елін жоқ еттік.



Өйткені олар, бұзакы ел еді. (46) Аспанды құдыретімізben жасадық. Шын мәнінде күшіміз жетеді. (47) Сондай-ақ жерді төседік. Недеген жақсы тәсевшіміз. (48) Тұсінулерің үшін әр нәрсені пар-парымен жараттық. (36-С. 36-А.) (49) (Мұхаммед F.C. оларға): "Алла жаққа жүгіріңдер. Сөзсіз мен, Оның тарапынан сендерге ашық ескертушімін" (де.) (50) "Алламен бірге басқа тәңір қылмандар. Шын мәнінде сендерге ашық ескертушімін" (де.) (51)



Міне осылайша олардан бұрынғылар да пайғамбар келгенде, оларды: "Мұлде жады немесе жынды" деген. (52) Олар бұл жәнде өзара келісken бе? Жоқ, олар шектен шыққан қауым. (53) (Мұхаммед F.C.) олардан бет бұр. Сонда сөгіске үшірамайсың. (54) Үгітте! Өйткені үгіт мұміндерге пайда береді. (55) Жын мен адамзатты өзіме құлышылық қылулары үшін ғана жараттым. (56) Олардан бір несібе тілемеймін әрі олардың Мені тамақтандыруларын да қаламаймын. (57) Шұбәсyz Ол

Алла, ризықтандырушы және мықты күшке ие. (58) Сөз жоқ. Сондай зұлымдық қылғандардың, жолдастарының күнәлары тәрізді күнәлары бар. Сондықтан Менен асығып тілемесін. (59) Өздеріне уәде етілген күнге қарсы келгендерге нендей өкініш! (60)

52-ТҮР СҮРЕСІ

Меккеде туksen. Қырық тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Тұра тауына, (1) Жазулы Кітапқа, (2) Теріге жазулыға, (3) Толықсыған үйге, (Көктегі қыблаға,) (4) Көтерілген төбеге, (көкке,) (5) Және ыстық тәнізге серт! (6) Сөзсіз Раббыңың азабы болады. (7) Оны тойтарушы жоқ. (8) Ол күні аспан қатты теңселеді. (9) Таулар үшіп жүреді. (10) Сол күні өтірік деушілерге нендей өкініш! (11) Олар, сондай орынсыз сұңгіп ойнағандар. (12) Олар сол күні, тозаққа итеріліп, тасталады. (13) "Міне! Сендер өтірік деген тозақ!" (14)